

This file has been cleaned of potential threats.

If you confirm that the file is coming from a trusted source, you can send the following SHA-256 hash value to your admin for the original file.

773a7356f5d94b84c2c091215e765c87e5b535870cb11d963e6e27004376a58b

To view the reconstructed contents, please SCROLL DOWN to next page.

«МАҚҰЛДАНДЫ»

«БТА Банкі» АҚ
Директорлар кеңесі

2012 жылғы «21» қарашадағы №25 Хаттамадан Үзінді

«БЕКІТІЛДІ»

«БТА Банкі» АҚ
Акционерлерінің жалпы жиналысы

«МАҚҰЛДАНДЫ»

«БТА Банкі» АҚ Басқармасы

2012 жылғы «2» қарашадағы
№44 Хаттамадан Үзінді

ҚАЙТА ҚҰРЫЛЫМДАУ ЖОСПАРЫ

ҚАЙТА ҚҰРЫЛЫМДАУ ЖОСПАРЫН МАҚҰЛДАУҒА ҚАТЫСТЫ АКЦИОНЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ХАБАРЛАНДЫРУ

«БТА Банкі» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы (әрі қарай – Банк) Қайта құрылымдау жоспарын және онда қарастырылған операциялар мен әрекеттерді қарастыру 2012 жылғы 3 желтоқсанда сағат 15:00 (Алматы уақыты бойынша) келесі мекенжай бойынша өтеді: 050051, Қазақстан, Алматы, Самал-2, Жолдасбеков к-сі, 97, 2-қабат. Кворум болмаған жағдайда, мерзімі ауыстырылған акционерлердің жалпы жиналысы 2012 жылғы 4 желтоқсанда сағат 15:00 аталған мекенжай бойынша өтеді.

Қайта құрылымдауды мақұлдауға дауыс бере отырып, Сіз Банктің Қайта құрылымдау бойынша жоспарланған барлық әрекеттерді атқаруын және келісімдерді жасауын мақұлдайсыз, келесілерді қосқанда:

- (a) Қайта құрылымдау жоспарының 3-Қосымшасында сипатталғандай Банктің жарияланған акцияларының санын ұлғайту;
- (b) Қайта құрылымдау жоспарында және Сенімгерлік басқару шартында көрсетілген шарттарға сәйкес Жаңа облигациялар шығару;
- (c) BNY Corporate Trustee Services Limited Сенімгерлік басқару шартын жасау; және
- (d) СҚ Заем шартын жасау.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысына арналған материалдар 2012 жылғы 23 қарашадан кешіктірілмей Банктің веб-сайтында қол жетімді: www.bta.kz/en/investor. Акционерлер күн тәртібі және акционерлердің жалпы жиналысын өткізу бойынша барлық ақпаратты келесі телефон нөмірлері бойынша ала алады: +7 (727) 2 66 72 54; +7 (727) 2 66 72 69 немесе e-mail: o_pitulova@bta.kz

«БТА БАНКІ» АҚ БЕЛГІЛЕНГЕН БЕРЕШЕГІН ҚАЙТА ҚҰРЫЛЫМДАУ ЖОСПАРЫ

1. ТҮСІНІКТЕМЕ

Осы Қайта құрылымдау жоспарында, егер мәнмәтінмен өзгесі талап етілмесе немесе қарастырылмаса:

- (a) осы құжатта өзгеше анықталмаған терминдер Банктің ара-тұра өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін 2012 жылғы 8 қарашадағы Қайта құрылымдау жөніндегі Ақпараттық Меморандумында (әрі қарай - **«Ақпараттық Меморандум»**) анықталған мәндерге ие болуы тиіс (8-Қосымша);
- (b) Баптарға, Қосымшаларға және Тізбелерге сілтемелер осы Қайта құрылымдау жоспарының Баптарына, Қосымшаларына және Тізбелеріне жасалған сілтемелер болып табылады;
- (c) «тұлға» термині жеке тұлғаға, фирмаға, серіктестікке, компанияға, корпорацияға, корпорацияланбаған тұлғалар бірлестігіне немесе кез келген мемлекетке немесе мемлекеттік органға жасалған сілтемені білдіреді;
- (d) жекеше сөз көпше сөзді білдіреді және керісінше, бір септіктегі сөздер барлық септіктегі сөздерді білдіреді;
- (e) тақырыпшалар сілтемелерді жеңілдету үшін ғана берілген және осы Қайта құрылымдау жоспарын түсіндіру үшін әсер етпеуі тиіс;
- (f) Жаңа облигациялардың, Агентпен жасалған келісімнің, СҚ Заем шартының негізгі талаптары мен ережелері, СҚҚЖ және оған байланысты жасалатын басқа кез келген келісімдердің талаптары мен ережелері, Міндеттемелерден босату туралы Шарттың нысаны осы құжаттың Қосымшаларында берілген; және
- (g) Қайта құрылымдау жоспарына байланысты Банктің жарияланған акцияларының саны 3-Қосымшада берілген сипаттамаға сәйкес ұлғайтылады.

2. ҚАЙТА ҚҰРЫЛЫМДАУ МЕРЗІМДЕРІ, ҚАЙТА ҚҰРЫЛЫМДАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ, ҚАЙТА ҚҰРЫЛЫМДАЛАТЫН МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ ҰСЫНАЛАТЫН ҚАРЖЫ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚҰРЫЛЫМДАУДЫҢ ЫҚПАЛЫ.

- 2.1 Қайта құрылымдаудың жоспары оны Сот бекіткен күннен бастап күшіне енеді.
- 2.2 Қайта құрылымдау тәртібінің сипаттамасы 3-тармақта келтірілген.
- 2.3 *«Қайта құрылымдау пакеттерінің шарттары», «Акцияларды бөлу және ҒДҚ бағдарламасы»* және *«Акционерлер мен Кредиторларға арналған ақпарат»* тараулары, сонымен қатар Ақпараттық Меморандумда сипатталғандар Қайта құрылымдаудың және Қайта құрылымдау жоспарының ажырамас бөлігі болып табылады.
- 2.4 Сот Қайта құрылымдау жоспарын бекіткеннен кейін оның шарттары Кредиторлар мен Банк үшін міндетті болып табылады.
- 2.5 Осы Қайта құрылымдау жоспарына сәйкес қайта құрылымдалуы тиіс Банк міндеттемелерінің тізімі 2-Қосымшада берілген.

- 2.6 Қайта құрылымдаудан күтілетін қаржы салдары Ақпараттық Меморандумның «Болжаланған Қаржы ақпараты» тарауында мазмұндалған.
- 2.7 Қайта құрылымдау күні Кредиторлардың комитеті Банкті Ақпараттық Меморандумның 13-тарауында келтірілген барлық бастапқы шарттарды қанағаттандыру туралы хабарлағаннан кейін Банкпен Кредиторлар үшін корпоративтік сайтта қысқа уақыттың ішінде жарияланады.
- 2.8 «Босату күні» Қайта құрылымдау күні болып табылады.
- 2.9 Егер Қайта құрылымдау күні 2013 жылғы 31 наурызға дейін немесе сол күні орын алмаса, Қайта құрылымдау жоспары тоқтатылады және заңды күшінен айырылады.
- 2.10 Осы Қайта құрылымдау жоспарында Қайта құрылымдауға қатысты белгілі бір жағдайлар үшін анықталған күндер алдын ала берілген және өзгертілуі мүмкін. Соттың Қайта құрылымдау жоспарын бекітетін соңғы күн және Облигацияларды ұстаушылардың, Кредиторлардың және Акционерлердің жиналысы өтетін күн әлі белгіленбеген, алайда жиналысты көрсетілген күні өткізу жоспарланған. Банк күндерді жаңарту және қайта қарау құқығына ие және ол туралы Кредиторларға және Акционерлерге уақытылы хабарлауға міндеттенеді.

Қайта құрылымдауды жүзеге асыру мақсаттары үшін негізгі күндер:

Дауыс беру үшін нұсқауларды соңғы ұсыну мерзімі	Уақыт 2012 жылғы 14 қарашадағы Облигацияларды ұстаушылардың жиналысы туралы сәйкесінше хабарламада көрсетіледі
Облигация ұстаушылардың жиналыстары	2012 жылғы 16 қараша
Мерзімі ауыстырылған Облигация ұстаушылардың жиналысы үшін дауыс беру бойынша нұсқауларды өткізу үшін соңғы мерзім (қажет болған жағдайда)	Уақыт 2012 жылғы 28 қарашадағы мерзімі ауыстырылған Облигация ұстаушылардың жиналысы туралы сәйкесінше хабарламада көрсетіледі
ҒДҚ ұстаушылардың Депозитарийге АЖЖ Прокси нысандарын соңғы ұсыну күні	12:00 (EST) 2012 жылғы 29 қараша
Мерзімі ауыстырылған Облигация ұстаушылардың жиналысы (қажет болған жағдайда)	2012 жылғы 30 қараша
Талаптарды ұсыну күні	10:00 (Алматы уақыты бойынша) 2012 жылғы 3 желтоқсан
Қайта құрылымдау жоспарын бекіту үшін Акционерлердің Жалпы жиналысы	2012 жылғы 3 желтоқсан
Кредиторлардың жиналысы	2012 жылғы 5 желтоқсан
ҚҚК алғашқыда ұсынылған Қайта құрылымдау жоспарына сәйкестікті қамтамасыз ету үшін Кредиторлармен мақұлданған ҚҚК Қайта құрылымдау жоспарын ұсыну	2012 жылғы 6 желтоқсан
Банктің Кредиторлар жиналысының	2012 жылғы 6 желтоқсан

хаттамасын жариялауы	
Сотқа бекіту үшін Қайта құрылымдау жоспарын және Кредиторлар жиналысының хаттамасын ұсыну	2012 жылғы 13 желтоқсан
Кредиторларға Қайта құрылымдау жоспарын бекіту мәселесі бойынша сот тыңдаулары туралы хабарламаны жіберу	2012 жылғы 13 желтоқсан
Соттың Қайта құрылымдау жоспарын бекіту мәселесі бойынша Сотта тыңдау және Соттың Қайта құрылымдау жоспарын бекітуі	2012 жылғы 19 желтоқсан
Банктің Сот шешімін жариялауы	2012 жылғы 20 желтоқсан
Қайта құрылымдау күні (Қайта құрылымдау жоспарына сәйкес жаңа Өтеулерді бөлу)	2012 жылғы 21 желтоқсан
Қайта құрылымдау жоспарын жүзеге асыру бойынша Банктің ҚҚК беретін есебі	2012 жылғы 24 желтоқсан
ҚҚК Қайта құрылымдауды аяқтау үшін Сотқа өтініш беруі	2012 жылғы 26 желтоқсан
Қайта құрылымдау жоспарын орындау және Қайта құрылымдауды аяқтау туралы сот шешімі	2012 жылғы 31 желтоқсан

3. ҚАЙТА ҚҰРЫЛЫМДАУ ПРОЦЕСІ

3.1 Талаптардан босату

- (а) Осы Қайта құрылымдау жоспарына сәйкес Босату күнінде барлық Белгіленген Қаржы берешегі осы құжатта көрсетілгендей өтеледі және/немесе жойылады, ал барлық Талаптар Кредиторлар және кез келген тұлға үшін жойылады және/немесе толығымен өтеледі және толық көлемде қанағаттандырылған, босатылған және төленген ретінде қарастырылатын болады.
- (б) 3.1(а) бапта көрсетілгендей өтеуді және/немесе жоюды және әрбір Кредитордың Босатуға рұқсатын ұсынуды назарға ала отырып, әрбір Кредитор немесе оның тағайындалған Алушысы осы Қайта құрылымдау жоспарында мазмұндалған Өтеулерге және процедураларға сәйкес Ақша, Жаңа Облигациялар, Акциялар және/немесе ҒДҚ алады (немесе СҚҚКЖ Кредиторларына қатысты, Банк СҚҚКЖ өзгерістер енгізу туралы Екінші Шартты және СҚҚКЖ өзгерістер енгізу туралы Үшінші шартты жасауы тиіс немесе СҚҚКЖ өзгерістер енгізу туралы Екінші Шарт Кредиторлардың жиналысына дейін жасалмаса, СҚҚКЖ Кредиторлары саудалық қаржыландыру бойынша жаңа жаңғыртылатын кредиттік желіге қатысу мүмкіндігін алады, оған Ақпараттық Меморандумның 9-Қосымшасында (*СҚҚКЖ ережелері мен шарттары*) келтірілген ережелер мен шарттар кіреді). Күмән туындамау үшін Банк ақшаны, Жаңа облигацияларды, Акцияларды және/немесе ҒДҚ сәйкесінше өтеулерге сәйкес Кредитордың пайдасына бөлуге құқылы, алайда ондай Кредитор Есеп айырысу

бойынша нұсқаулықты ұсынбаса (немесе тиісті түрде ұсынбаса) немесе кез келген тұлға ондай Есеп айырысу бойынша нұсқаулыққа сәйкес келмесе немесе Кредитор Босатуға рұқсат бермесе, бұл босату күнінде барлық Белгіленген қаржы берешегін өтеуге және/немесе жоюға кедергі бола алмайды.

- (c) 3.1(b) бапта сипатталатын кез келген Кредитордың өтеуі (немесе оның бөлігі) Қайта құрылымдау пакеттерінің шарттарына және ережелеріне сәйкес бөлінуі тиіс.

3.2 Өтеу

- (a) Қайта құрылымдау күнінде (немесе ондай күн орын алғаннан кейін) Банк Ақпараттық Меморандумның «*Қайта құрылымдау пакеттерінің шарттары*» тарауына сәйкес және осы Қайта құрылымдау жоспарына сәйкес ақшаның Жаңа облигациялардың, ҒДҚ бөлінуін және СҚКЖ өзгерістер енгізу туралы Екінші шарттың талаптарына сәйкес (Кредиторлардың жиналысына дейін жасаған жағдайда) ақшаның бөлінуін қамтамасыз етеді әрі олар ақшаға және бағалы қағаздарға қатысты олардың қолданыстағы шоттарына, анықталған шоттарына немесе Жергілікті шоттарына төленеді. Күмән туындамау үшін, Кредитор өзінің қолданыстағы шотына, анықталған шотына немесе Жергілікті шотына қатысты дұрыс мәліметтер ұсынбаса, ол өз өтеулерін Ақпараттық меморандумда көрсетілгендей ондай ақпаратты ұсынғаннан кейін ғана ала алады.
- (b) Қайта құрылымдау күнінде және осы Қайта құрылымдау жоспарына сәйкес СҚ депозиттері Банктің жай акцияларын төлеу үшін қолданылатын болады, яғни Самұрық-Қазынаның Банктегі жай акцияларын жалпы иелену жаңадан шығарылған және қолданыстағы жай акциялардың кем дегенде 95% құрауы тиіс.
- (c) Есеп айырысу бойынша нұсқаулықты беру мерзіміне дейін Есеп айырысу бойынша нұсқаулықтар ұсынылмағанға қатысты кез келген өтеулер (i) ондай Өтеулерге қатысты Есеп айырысу бойынша нұсқауларды алғанға дейін немесе (ii) Қайта құрылымдау күнінен кейін үш жыл өткеннен кейінгі күнге түсетін күні, қай күн ерте орын алатынына байланысты (немесе 2010 жылғы Қайта құрылымдауға байланысты шығарылған талап етілмеген, бөлінбеген Қолданыстағы облигацияларға қатысты өтеулер үшін 2013 жылғы 26 тамыз) Бөлу жөніндегі агентпен ескроу шотында ұсталатын болады.
- (d) Есеп айырысу бойынша нұсқаулықтар Есеп айырысу бойынша нұсқауларды беру мерзімінен кейін үш жыл өткенге дейін ұсынылмаса, кез келген Өтеулер жойылады және/немесе Банкке оның шотына қайтарылады (2010 жылғы Қайта құрылымдауға қатысты шығарылған талап етілмеген, бөлінбеген және Бөлу жөніндегі агентпен ескроу шотта тұрған Қолданыстағы облигациялар бойынша өтеулерден басқа, өйткені олар 2013 жылғы 26 тамызға дейін оларға қатысты Есеп айырысулар бойынша нұсқаулықты ұсынбаған жағдайда, жойылуы және/немесе Банкке қайтарылуы тиіс).

3.3 Талаптарды мерзімінен бұрын орындауды қарастыру

Кредиторлар Кредиторлардың жиналысы өтетін күні немесе сол күнге дейін өз талаптарын мерзімінен бұрын орындауды талап етті.

3.4 Талаптар бойынша сыйақы

- (a) Ақпараттық Меморандумға сәйкес есептелген сыйақы сәйкесінше Талапқа енгізілетін болады.

- (b) Шығындар үшін өсімпұл, айыппұлдар және өтемақы Талаптың бір бөлігі ретінде қабылданбайды және Босату күнінде жойылған және/немесе өтелген ретінде қарастырылады.

3.5 Облигацияларды ұстаушылар үшін Босату механизмі

(a) Егер Қолданыстағы Облигациялардың класына қатысты Төтенше шешім қабылданатын болса:

- (i) Сенімді меншік иесі 1-Қосымшада көрсетілген нысан бойынша осы кластағы барлық Облигация ұстаушылардың атынан Қайта құрылымдау күнінен бастап Қайта құрылымдау күні қойылған Банк және Кредитор арасында босату туралы келісімді жасауға, қол қоюға және беруге құқылы (әрі қарай – **Босату туралы шарт**).
- (ii) Қайта құрылымдау күнінде Сенімді меншік иесі Қолданыстағы облигациялардың осы класына қатысты қабылданған Төтенше шешіммен ұсынылған өкілеттіктерге сәйкес ондай кластағы барлық Облигация ұстаушылардың атынан Босату туралы шартты жасауға және беруге міндетті.

(b) Егер Облигациялар класына қатысты Төтенше шешім қабылданбаса:

- (i) Әрбір Облигация ұстаушы Қайта құрылымдау жоспарына сәйкес Өтемақы алу құқығын алу үшін Босату туралы шартты жасауға міндетті.
- (ii) Облигация ұстаушы Босату туралы шартты жасауға құқылы:

(A) Банкке Облигация Ұстаушының атынан Босату туралы шартқа қол қою құқығын беріп, Бөлу жөніндегі Агентке Есеп айырысу бойынша нұсқаулықты ұсыну арқылы Қайта құрылымдау күніне дейін. Қайта құрылымдау күнінде Банк Есеп айырысу жөніндегі нұсқауларда ұсынылған өкілеттіктерге сәйкес Облигация ұстаушылардың атынан Босату туралы шартты жасауға және беруге міндетті.

(B) Қайта құрылымдау күнінен кейін (1) Банктің талабы бойынша қолданыстағы облигацияларда өзінің бенефициарлық мүддесінің бар екендігін куәландыру және (2) Банкке Облигация ұстаушының атынан Босату туралы шартқа қол қою өкілеттігін бере отырып, Бөлу жөніндегі агентке Нұсқаулықты ұсыну арқылы, оған сәйкес Банк Есеп айырысу бойынша нұсқаулықта ұсынылған өкілеттіктерге сәйкес Облигация ұстаушылардың атынан Босату туралы шартты жасауға және беруге міндетті.

- (iii) Егер Облигацияларды ұстаушы Қайта құрылымдау күнінен кейін үш жыл өткеннен кейін 3.5 (b)(ii)(B) бапқа сәйкес ондай құжаттарды ұсынбаса, Облигацияларды ұстаушы ондай Өтеулерге өз құқығын жоғалтады әрі олар Банктің шотына қайтарылады.

3.6 СҚ депозиттеріне және СҚ Кепілдіктері үшін Комиссияларға қатысты Самұрық-Қазына үшін Босату механизмі

- (a) Самұрық-Қазына СҚ депозиттеріне және СҚ кепілдіктері үшін комиссияларға қатысты Қайта құрылымдау күнінде Өтеулерді алу мақсатында Қайта құрылымдау күніне дейін Босату шартын жасауға міндетті және Босату туралы шартты жасағаннан кейін және бергеннен кейін ғана Сыйақыны алу құқығын алуы тиіс.

- (b) Егер Самұрық-Қазына Қайта құрылымдау күнінен кейін үш жыл өткеннен кейін 3.6(a) бапқа сәйкес СҚ депозиттеріне және СҚ кепілдіктері үшін комиссияларға қатысты Босату туралы шартты жасамаса, Самұрық-Қазына ондай Өтеулерге өз құқығын жоғалтады әрі олар Банктің шотына қайтарылады.

3.7 СҚҚКЖ Кредиторлары үшін босату механизмі

Қайта құрылымдау күнінде СҚҚКЖ өзгерістер енгізу туралы Екінші шарттың талаптарына сәйкес СҚҚКЖ келісімнің тараптары ол бойынша өз міндеттемелерінен босатылады және тараптар жаңа міндеттемелерді және жаңа құқықтарды қабылдайды, СҚҚКЖ өзгерістер енгізу туралы Екінші шартта және СҚҚКЖ өзгерістер енгізу туралы Үшінші шартта қарастырылғандардан басқа, СҚҚКЖ келісімде мазмұндалғандардан ерекшеленбейді.

3.8 Сот істерінің болмауы

Кредиторлар Өтеулерді алуға олардың құқықтарын шектеместен Қайта құрылымдау күнінде кез келген Белгіленген Қаржы берешегін қайтару үшін немесе соманы белгілеу үшін кез келген юрисдикцияда Банкке немесе оның меншігіне қатысты қандай да бір сот істері немесе бас сот немесе квазисоттық, әкімшілік немесе тұрақтандыру процестері басталмайтындығын немесе жалғастырылмайтындығын түсінеді және сөзсіз келіседі және ондай сот істерін бастаған кез келген Кредитор оларды бірден тоқтатуы тиіс.

3.9 Табыстаулар және аударымдар

Банк Талаптарды берген күннен кейін Кредиторлармен атқарылған кез келген Белгіленген Қаржы берешегін беруді мойындауға міндетті емес (алайда, бұны өзінің қарауы бойынша жасай алады).

3.10 Өтеу құқығын беру

- (a) Егер Кредитор Талапты ұсыну күніне дейін Банкке ол алуға құқылы кез келген өтеу басқа тұлғаның пайдасына төленгенін немесе ауларылғандығын қалайтындығы немесе өз құқығын басқа тұлғаға бергендігі туралы хабар ұсынса, Банк ондай Өтеуді басқа тұлғаға төлеуге немесе аударуға міндетті.
- (b) Осы тармақтың талаптарына сәйкес ұсынылатын хабарландыруда төлем жүргізілуі тиіс тұлғаның аты-жөні және мекенжайы көрсетілуі тиіс.
- (c) Егер кез келген Кредитор Талап нысанын бергеннен кейін өз талабының барлығын немесе бір бөлігін аударса немесе берсе, Банкпен немесе оның атынан 3.9-бапқа сәйкес Банкпен мойындалған ондай Кредитормен немесе оның кез келген құқылы мирасқорымен берілген аталмыш Талап нысанындағы Кредиторға немесе Кредитордың алушысына өтеуді беру Қайта құрылымдау күнінде немесе одан кейін сәйкесінше Талапқа қатысты ондай Талаптың кез келген құқылы мирасқоры алдында Банктің кез келген міндеттемелерін жою немесе өтеу үшін жарамды болуы тиіс.

3.11 Талаптардың жарамдылығы

Банк Қайта құрылымдау күніне дейін Кредитормен сомасы немесе жіктелуі бойынша келісілген кез келген Талапты қосқанда, Талаптардың заңдылығын даулау құқығына ие.

4. БӨЛУ

4.1 Өтеу

Кредиторлардың өтеулерін анықтау кезінде Жаңа облигациялардың, Акциялардың және ҒДҚ үлестері назарға алынбайды және сәйкесінше Кредиторларға берілмейді. Оның орнына Жаңа облигациялардың, Акциялардың және ҒДҚ үлестері жойылуы тиіс немесе 4.2(f) және 4.2(g) баптарға сәйкес Банкпен сатылуы тиіс және сату кезінде Банк Сатудан түскен Таза кірістерді қалдырады.

4.2 Өтеу әдісі; Талаптарды толық және соңғы есептеу

- (a) Кредиторға ақшаларды, Жаңа облигацияларды, Акцияларды және/немесе ҒДҚ, болған жағдайда, бөлу үшін Бөлу жөніндегі агент немесе Банк, жағдайға байланысты, әрбір Кредиторға тиесілі ақшалардың, Жаңа облигациялардың, Акциялардың немесе ҒДҚ жалпы сомасын топтауы тиіс және оларды Есеп айырысу бойынша нұсқаулыққа сәйкес және Қайта құрылымдау пакеттерінде анықталғандай немесе Ақпараттық Меморандумда көрсетілгендей Қолданыстағы шотқа, Анықталған шотқа немесе Жергілікті шотқа аударуы тиіс.
- (b) Әрбір Кредитор жоғарыда көрсетілген процедураға сәйкес Өтеулерді аудару Қайта құрылымдау жоспарына сәйкес оның алдында Банктің міндеттемелерді жоюын және/немесе толық өтеуін құрауы тиіс екендігіне келіседі, бұл ретте Банк Кредитордың Есеп айырысу бойынша нұсқауларды ұсынбау (немесе дұрыс ұсынбау) немесе кез келген тұлға Есеп айырысу бойынша нұсқауларға сәйкес келмеуі себебіне байланысты өтеулерді аударылмаған жағдайда, өтеу және/немесе жою Қайта құрылымдау күнінде жүргізіледі.
- (c) Өтеу Көрсетілген Алушыға немесе Қолданыстағы Шотқа, Анықталған шотқа, Жергілікті шотқа бөлінуін талап ететін Кредитор өзінің Есеп айырысу бойынша нұсқаулықтарында шотты көрсетуі тиіс.
- (d) Жаңа облигацияларды айырбастауды таңдау немесе Ақшаны айырбастауды таңдау құқығын иеленетін Кредитор Қайта құрылымдау пакеттерінің шарттарына сәйкес өзінің Есеп айырысу бойынша нұсқаулықтарында Жаңа облигацияларды айырбастауды таңдауды немесе Ақшаны айырбастауды таңдауды жүргізуі тиіс.
- (e) Егер Кредитор Талап ету нысанын толтырмаса немесе оны дұрыс толтырмаса, немесе Есеп айырысу бойынша нұсқаулықта сәйкесінше өтеуге қатысты Шот көрсетілмесе, Клирингтік жүйенің операторлары сәйкесінше Жаңа Облигацияларға, Акцияларға немесе ҒДҚ қатысты клиринг мүмкіндігін ұсынбаса немесе ұсына алмаса, не болмаса қандай да бір себептерге байланысты Банк дәл солай болуын қаласа, Банктің ондай Өтеуді Кредиторға аудару (немесе ондай аударуды қамтамасыз ету) бойынша міндеттемелері кепілдендірілген чек немесе ақшаға қатысты аударым түрінде немесе Жаңа облигацияларға, Акцияларға және ҒДҚ қатысты сертификатталған нысанда сәйкесінше Кредиторға немесе көрсетілген Алушыға (қажет болған жерде) бөлу арқылы жүргізіледі.
- (f) Егер қандай да бір себеппен БҚ алуға құқылы Кредитор жаңа облигацияларды ұстамаса немесе ұстай алмаса, ол Бөлу жөніндегі Агентке немесе Банкке, жағдайларға байланысты мыналарды көрсете алады: 1) оның Өтелуін БҚ түрінде сату және ондай Кредиторға Сатудан түскен Таза Кірістерді беру немесе 2) ондай шектеуге ие емес үшінші тұлғаға беру. Ондай сатудың құны, шарттары, мерзімдері және әдісі, сонымен қатар Бөлу жөніндегі Агентпен немесе Банкпен (жағдайға байланысты) жүргізілген валютаны айырбастау бойынша кез келген операция, осыған орай немесе ондай сатуға қатысты, немесе Сатудан түскен Таза кірістер Қайта құрылымдау күнінен кейін ашық нарық процесін пайдалана отырып, аса тиімді қол жетімді шарттарда белгіленуі тиіс.

- (g) Егер Банктің пікірі бойынша (тиісті заң кеңестерін алғаннан кейін), ондай Кредиторға немесе оның Алушысына Жаңа облигацияларды, Акцияларды және ҒДҚ бөлу, шығару немесе аудару Қайта құрылымдау жоспарына сәйкес қандай да бір заңмен тыйым салынуы мүмкін, бұл жағдайда Бөлу жөніндегі Агент Банктің нұсқауы бойынша немесе Банктің өзі Қайта құрылымдау жоспарына сәйкес Кредитордың талаптарын толық қанағаттандыру мақсатында оларды сатуға немесе олардың сатылуын қамтамасыз етуге және ондай Кредиторға немесе оның алушысына Сатудан түскен Таза кірістерді төлеуге міндетті. Ондай кез келген сату Кредитордың талабы және рұқсаты бойынша жасалған деп есептелуі тиіс және Бөлу жөніндегі Агенттен және Банктен келесі іс-әрекеттер талап етіледі және олар төмендегі іс-әрекеттерді атқаруы үшін өкілеттіктерге ие: (i) ондай Кредитордың атынан Қайта құрылымдау күнінен кейін мүмкін болатын уақытта аса тиімді шарттарда ондай Жаңа облигацияларды, Акцияларды және ҒДҚ сатуға; (ii) Жаңа облигацияларға Акцияларға және ҒДҚ құқықты куәландыратын құжаттарды тиісті құқылы мирасқорға беруге; және (iii) мүмкін болған уақытта Сатудан түскен Таза Кірістерді сәйкесінше Кредиторға немесе оның Алушысына (жағдайларға байланысты) беруге. Ондай сатудың құны, шарттары, мерзімдері және әдісі, сонымен қатар Бөлу жөніндегі Агентпен немесе Банкпен (жағдайға байланысты) жүргізілген валютаны айырбастау бойынша кез келген операция, осыған орай немесе ондай сатуға қатысты, немесе Сатудан түскен Таза кірістер Қайта құрылымдау күнінен кейін ашық нарық процесін пайдалана отырып, аса тиімді қол жетімді шарттарда белгіленуі тиіс.
- (h) Банк, Агент СҚҚКЖ, The Royal Bank of Scotland N.V. кепіл агентті ретінде және СҚҚКЖ Кредиторлары Кредиторлардың жиналысына дейін СҚҚКЖ өзгерістер енгізу туралы Екінші шартты және Қайта құрылымдау күніне дейін СҚҚКЖ өзгерістер енгізу туралы Үшінші шартты жасаулары тиіс. Егер СҚҚКЖ өзгерістер енгізу туралы Екінші шарт Кредиторлардың жиналысына дейін жасалмаса, СҚҚКЖ кредиторлары Ақпараттық Меморандумның 9-Қосымшасында (*СҚҚКЖ ережелері мен шарттары*) келтірілген ережелер мен шарттарды көрсете отырып, саудалық қаржыландыру бойынша жаңа жаңғыртылатын кредиттік желі туралы жаңа келісімді жасау мүмкіндігін алулары тиіс.
- (i) Ешбір Кредитор 4.2.(a) тармақтан бастап 4.2.(h) тармаққа дейін қарастырылғаннан өзге, Өтеуді бөлуге құқықсыз.

4.3 Талап ету нысандары және ілеспе құжаттар

Талап ету нысандары және ілеспе құжаттар келесі ақпараттан тұруы тиіс:

- (a) Кредитордың аты-жөні және мекенжайы, (егер компания) тіркеу нөмірі және байланыс деректері;
- (b) Талап ету нысанына қол қойған тұлғаның аты-жөні, мекенжайы және өкілеттіктері (Кредитордың өзі болмаса);
- (c) анықтауды жүргізу мақсатында Банкпен талап етілетін басқа сәйкесінше құжаттар немесе өзге растамалар.

Сонымен қатар есеп Кредитор Есеп айырысу бойынша нұсқаулықтарда белгілі бір өтінімдер мен кепілдіктерді, соның ішінде бағалы қағаздар туралы заңға сәйкес сатуға қойылатын шектеулерге байланысты өзінің мәртебесіне қатысты мәліметтерді ұсынуы тиіс.

4.4 Дәлелдемелер сомасын азайту/ұлғайту

- (a) Егер Кредитордың талабы қабылданғаннан кейін ондай Талап кері шақыртылса немесе жойылса немесе оның сомасы азайтылса (қайта құрылымдауды жүзеге асыру нәтижесінен басқа), Кредитор өзге жолмен Банкке артық төленген немесе қайта бөлінген кез келген Өтеуді төлеуге немесе қайтаруға міндетті.
- (b) Әрбір Кредитор Талапты алу күнінен кейін өзінің Талап ету сомасын ұлғайтуға құқықсыз екендігін түсінеді (ондай соманы арттыру нақты зиянға, залалға, моральдық нұқсанға, жіберіп алған мүмкіндікке немесе тағы басқаға тікелей байланысты болуына қарамастан).
- (c) Кепіл шақырылған немесе жойылған немесе сомасы азайтылған кез келген талап кері шақырылған, жойылған немесе азайтылған шамада жойылуы, босатылуы немесе өтелуі тиіс.

4.5 Талапты ұсыну күнінен кейін жүзеге асыру

Қандай да бір Кредитор Талапты ұсыну күнінде немесе одан кейін қандай да бір Талапқа қатысты қандай да бір кірістерді алса, бұл Қайта құрылымдау жоспарына сәйкес алдын ала өтеу ретінде қарастырылуы тиіс және Өтеулер сәйкесінше азайтылуы тиіс.

5. БӨЛУ ЖӨНІНДЕГІ АГЕНТТІ ТАҒАЙЫНДАУ

5.1 Бөлу жөніндегі агентті тағайындауға келісім беру

Әрбір Кредитор ақша, Жаңа облигациялар, Акциялар және ҒДҚ (қажетті көлемде) Бөлу жөніндегі агентке ұсынылатындығына және Қайта құрылымдау пакеттеріне және Ақпараттық меморандумға сәйкес қайта құрылымдау күнінде Бөлу жөніндегі агент Бөлу жөніндегі агентпен жасалған келісімге және Қайта құрылымдау жоспарына сәйкес оларды Кредиторларға бөле алатындай ұсталатындығына келіседі.

5.2 Бөлу жөніндегі агентпен жасалған келісім

Қайта құрылымдау күніне дейін Банк Бөлу жөніндегі агентпен келісім жасайды және оның шарттары бойынша Бөлу жөніндегі агент құқылы Кредиторлардың атынан ақшаны, жаңа облигацияларды, акцияларды және ҒДҚ ұстап қалатын болады.

6. МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ЖОЮ

Кредиторлар Қайта құрылымдау күнінде БТА міндеттері және Самұрық-Қазына міндеттері жойылып, өз күшін жоғалтатындығына және не БТА, не Самұрық-Қазына, не басқа кез келген тұлғалар олар бойынша немесе оларға байланысты ешқандай міндеттемелер көтермейтіндігіне келіседі.

7. КУПОНДЫ ҰЛҒАЙТУ

Қайта құрылымдау күнінен бастап Самұрық-Қазына өзінің облигациялары бойынша купонды жылдық 4% пайыздан жылдық 6% пайызға дейін ұлғайтуға келіседі.

8. ЖОСПАРДЫҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

8.1 Шығындар

- (a) Банк келіссөздерді жүргізу, Қайта құрылымдау жоспарын дайындау және жүзеге асыру барысында өзі көтерген барлық шығындарды, алымдарды, зияндарды және шығыстарды толық көлемде төлейді, мыналарды қосқанда, бірақ олармен шектелмей: Облигацияларды ұстаушылардың және Кредиторлардың жиналыстарын өткізу бойынша шығындар, Соттың мақұлдауын алу бойынша шығындар және Қайта құрылымдау жоспарында

талап етілетін хабарландыруды орналастыруға шығындар. Күмәндар туындамас үшін Банк Облигацияларды ұстаушыларға және Кредиторларға қатысты кез келген Кредитормен байланысты кез келген шығындар үшін жауапкершілік көтермейді (Сенімді меншік иесінен басқа).

- (b) Осы Қайта құрылымдау жоспарының кез келген басқа ережелеріне қарамастан, Банк Сенімді меншік иесінің, Кредиторлар комитетінің және олардың кеңесшілерінің қызметтерін және шығындарын төлеу міндеттемесінен босатылмайды және төлем сенімді меншік иесінің, Кредиторлар комитетінің және/немесе олардың кеңесшілерінің сұрауы бойынша бірден (30 жұмыс күні ішінде) жүргізіледі және ондай міндеттеме Қайта құрылымдаудың аяқталуына байланыссыз күшінде қалады.

8.2 Қайта құрылымдау жоспарына енгізілетін өзгерістер

- (a) Банк Кредиторлардың келісімінсіз, алайда Кредиторлардың комитетімен келіскеннен кейін Қайта құрылымдау жоспарына немесе Қайта құрылымдау жүргізу үшін кез келген процедураларға өзгерістер енгізуге құқылы, олар әрбір жағдайда мардымсыз немесе техникалық сипатқа ие болады немесе өрескел қателерді түзету және/немесе белгілі бір оқиғаларды немесе мерзімдерді ауыстыру мақсатына ие, егер мерзімдерін ауыстыру Кредиторлардың материалдық мүдделеріне залал тигізсе, Кредиторлар сәйкесінше хабарландыру алады.
- (b) 8.2 (a) тармаққа сәйкес қайта құрылымдау жоспарына енгізілетін өзгерістерден басқа, Талаптың 2/3 көлемінің алдын ала келісімінсіз Қайта құрылымдау жоспарына енгізілетін ешқандай түзетулер жарамды болмайды.

8.3 Жұмыс күндері болып табылмайтын күндер бойынша төлемдер

Егер қандай да бір сома төленуі тиіс немесе міндеттемелер Қайта құрылымдау жоспарына сәйкес жұмыс емес күні жүргізілуі тиіс болса, сәйкесінше төлем немесе міндеттемелерді орындау келесі жұмыс күнінде жүргізілуі тиіс.

8.4 Қайта құрылымдау барысында қабылданатын іс-әрекеттер мен шаралар

Қолданыстағы облигациялардың әрбір класын ұстаушылардың жиналыстары 5 Old Broad Street, London, EC2N 1DW мекенжайы бойынша White & Case LLP офистерінде 2012 жылғы 16 қарашада өткізілді. Осы жиналыста Қайта құрылымдау жоспары қарастырылды және қажет болған жағдайда Төтенше шешім қабылданды, Сенімді меншік иесіне Кредиторлардың жиналысында әрбір класс бойынша Есептелген Сыйақыларға қосымша негізгі борыштың толық сомасымен дауыс беру ұсынылды. Облигацияларды ұстаушылардың жиналыстарын өткізу туралы хабарлама Ақпараттық Меморандумның 5-Қосымшасында беріледі (Облигация ұстаушылардың жиналыстары туралы хабарлама). Облигация ұстаушылар 2012 жылғы 14 қарашада сағат 11:00 кешіктірмей (Лондон уақыты бойынша) Нұсқаулардың Электронды нысандарын өткізуге міндетті. Сенімді меншік иесі Кредиторлардың жиналысында Талап ету нысанын өткізуге немесе онда дауыс беруге байланысты жауапкершілік көтермейді немесе ешқандай міндеттемелер атқармайды және ондай Төтенше шешімдер бойынша Облигация ұстаушылардың алдында міндеттемелерден босатылатын болады. Өткізілмеген жиналыстар 2012 жылғы 30 қарашада өткізіледі.

Акционерлердің жалпы жиналысы Қайта құрылымдау жоспарын қарастыру үшін 2012 жылғы 3 желтоқсанда сағат 15:00 (Алматы уақыты бойынша) келесі мекенжай бойынша өткізіледі: Қазақстан, 050051, Алматы қ., Самал-2 ы/а, Жолдасбеков к-сі, 97, 2-қабат. Акционерлердің Жалпы жиналысы туралы хабарлама Ақпараттық Меморандумның 6-Қосымшасында (Акционерлердің Жалпы жиналысы туралы хабарлама) берілген.

Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру мақсатында ҒДҚ ұстаушылар осы құжатта мазмұндалған нұсқауларға сәйкес Ақпараттық Меморандумға қосылған АЖЖ Прокси нысанын толтырулары, қол қоюлары және мүмкін болған жағдайда, қалай болғанда 2012 жылғы 29 қарашада сағат 12:00 (EST) кешіктірмей қайтарулары тиіс. Депозитарий ҒДҚ ұстаушыларға қалай дауыс беру керектігін түсіндіреді. АЖЖ Прокси нысаны Банктің корпоративтік сайтанда қолжетімді (www.bta.kz/en/investor). Егер Кредиторлар Талапты ұсыну күніне дейін Талап ету нысанын Банкке өткізбесе, олар Кредиторлардың жиналысында жеке өздері немесе сенімді тұлға арқылы дауыс бере алмайды (егер Банк өзге шешім қабылдамаса). Облигацияларды ұстаушылар өздерінің қолданыстағы облигацияларына қатысты Талап ету нысанын өткізбеулері тиіс. Оның орнына, Сенімді меншік иесі (немесе Төтенше шешім қабылданбаса, The Bank of New York Mellon агент ретінде) олардың атынан нұсқауларға сәйкес өтелмеген Қолданыстағы облигацияларға қатысты олардың атынан Талап ету нысанын ұсынады.

Қайта құрылымдау жоспарын қарастыру үшін Кредиторлардың жиналысы 2012 жылғы 5 желтоқсанда сағат 10:00 (Алматы уақыты бойынша) келесі мекенжай бойынша өткізіледі: Қазақстан, 050051, Алматы қ., Самал-2 ы/а, Жолдасбеков к-сі, 97, 2-қабат. Кредиторлардың жиналысы туралы хабарлама Ақпараттық Меморандумның 3-Қосымшасында (Кредиторлардың жиналысы туралы хабарлама) берілген. Кредиторлардың жиналысына қатысу ниетіне байланысты, Кредиторлар осы құжатта мазмұндалған нұсқауларға сәйкес Ақпараттық Меморандумға қосылған Талап ету нысанын және Прокси нысанды толтырулары, қол қоюлары және мүмкін болған жағдайда, қалай болғанда 2012 жылғы 3 желтоқсанда сағат 10:00 (Алматы уақыты бойынша) кешіктірмей қайтарулары тиіс. Талап ету нысаны және Прокси нысандар Банктің корпоративтік сайтанда қолжетімді (www.bta.kz/en/investor).

Егер Қайта құрылымдау жоспары Кредиторлардың жиналысында мақұлданса, Банк ҚҚК 2012 жылғы 28 сәуірде қарастырылған қайта құрылымдау және қайта капиталдандыру жоспарына сәйкестігін белгілеу мақсатында ҚҚК бекітілген жоспарды ұсынуы тиіс.

Егер Кредиторлар Кредиторлардың жиналысында Қайта құрылымдау жоспарын мақұлдаса және ҚҚК онымен келіссе, Қайта құрылымдау жоспарын бекіту мақсатында Сотта оны тыңдау талап етіледі. Барлық Кредиторлар Қайта құрылымдау жоспарын мақұлдау бойынша Сот шешімін қолдау немесе қарсылық көрсету үшін жеке өздері немесе заңгер арқылы соттың отырысына қатысуға құқылы. Банк Тұрақты Ақпараттық Сервис және Банктің вебсайты (www.bta.kz/en/investor) арқылы аталмыш тыңдаулардың өткізілетін күнін және жерін жариялайды.

Қайта құрылымдауды жүргізу кезінде Банктің ВТА Finance Luxembourg және «Темир Лизинг» АҚ (Банктің қауымдасқан ұйымы) қатысу үлесі ұлғайды және Банк күнделікті қызмет аясында және/немесе соттардың шешімі бойынша кепілге салынған мүлікті өндіріп алу нәтижесінде басқа заңды тұлғаларға қатысу үлесін ұлғайта алады.

Банк Банктер туралы заңға және ҚҰБ қаулыларына сәйкес активтерді қайтару бойынша стратегияны жүзеге асыру мақсатында Банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйымды сатып алуды жоспарлап отыр.

Банк банктік конгломераттың басты ұйымы болып табылатындығын ескере отырып, Банктің қаржылық жағдайын жақсарту, соның ішінде Банктің меншікті капиталын ұлғайту, пруденциалды нормативтерді сақтау, борыштық жүктемені азайту банктік конгломераттың барлық қатысушыларының бизнесіне және қаржылық жағдайына оң әсерін тигізеді.

Банктің субординацияланған облигацияларын иеленетін «ҰларҮміт» ЖЗҚ» АҚ (В класы, өтеу мерзімі 2030 ж.), олар Қайта құрылымдаудан кейін 97.5% дисконты бар акцияларға айырбасталады, осыған байланысты шығындарды көтеретіндігін атап өту

қажет. Қайта құрылымдау шарттары Кредиторлардың комитетімен және оның кеңесшілерімен жүргізілген келіссөздер барысында келісілді және Қайта құрылымдау жоспары Банктің барлық субординацияланған облигацияларына қатысты ұқсас шарттарды қарастырады. «ҰларҮміт» ЖЗҚ» АҚ қатысты Банктің кейінгі стратегиясы зейнетақы қорларының қызметін реттеу саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына байланысты.

Қайта құрылымдау кезінде Банкпен немесе оған қатысты қабылданып жатқан басқа негізгі оқиғалардың, шаралардың және әрекеттердің тізімі Ақпараттық Меморандумда берілген, атап айтқанда *«Қайта құрылымдау пакеттерінің шарттары»*, *«Акцияларды бөлу және ЕДҚ бағдарламасы»* және *«Акционерлерге және Кредиторларға арналған ақпарат»*.

8.5 Қайта құрылымдау жоспарына сәйкес Банктің қызметіндегі шектеулер

Қайта құрылымдау жоспарына сәйкес Банк Ақпараттық Меморандумда қарастырылғаннан өзге, өз қызметінде қандай да бір шектеулерге ие емес.

8.6 Реттейтін құқық және юрисдикция

Қайта құрылымдау жоспары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі және Сот Қайта құрылымдау жоспарының қандай да бір ережесінен немесе осы Қайта құрылымдау жоспарын басқаруға байланысты қабылданған немесе жіберіп алған іс-әрекеттерге байланысты туындауы мүмкін кез келген дауларды, кез келген талапты, іс-әрекеттерді немесе сот істерін қарастыру және шешу құқығына ие және осы мақсаттарда Кредиторлар Соттың юрисдикциясына бағынады.

1-ҚОСЫМША — БОСАТУ ТУРАЛЫ ШАРТТЫҢ НЫСАНЫ

Осы Шарт 2012 жылғы [●]

- (1) «БТА БАНКІ» АҚ, Қазақстан Республикасында тіркелген компания, тіркеу нөмірі 3903-1900-АО, оның негізгі мекенжайы: Қазақстан, 050051, Алматы, Самал-2, Жолдасбеков көшесі, 97 (әрі қарай – «Банк») және
- (2) **КРЕДИТОРЛАР**, Қайта құрылымдау жөніндегі кредиторлармен Банкке және/немесе Сенімді меншік иесіне берілген құқыққа (жағдайға байланысты) сәйкес Банк және/немесе Сенімді меншік иесі (жағдайға байланысты) арқылы әрекет етеді.

арасында жасалды.

Қайта құрылымдау жоспарына сәйкес әрбір Кредитор Банкке және/немесе Сенімді меншік иесіне (жағдайға байланысты) өзінің атынан осы Шартты жасау, қол қою және беру құқығын ұсынады.

ОСЫМЕН ТАРАПТАР ТӨМЕНДЕГІЛЕР ТУРАЛЫ КЕЛІСТІ:

1. ТҮСІНДІРУ

- 1.1 Осы Шартта және оның Қосымшаларында, мәнмәтінмен өзгеше келісілмесе, келесі сөздер мен ұғымдар төменде берілген мәндерге ие:

«**Директорлар мен қызметкерлер**» 2010 жылғы 25 тамыздан кейін Банктің немесе оның кез келген Еншілес ұйымының немесе Самұрық-Қазынаның немесе оның аффилирленген тұлғаларының қызметкері немесе директоры болып табылатын тұлғаны білдіреді;

«**Ақпараттық Меморандум**» 2012 жылғы 8 қарашадағы Қайта құрылымдау жөніндегі Банктің ақпараттық меморандумын білдіреді және оған ара-тұра өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін; және

«**Босатылған Тарап**» Банкті, Еншілес Ұйымдарды, Самұрық-Қазынаны, Директорларды және Қызметкерлерді және Кеңесшілерді білдіреді (әрі қарай бірлікте – «**Босатылған тараптар**»).

- 1.2 Осы Шартта, мәнмәтінмен өзгеше келісілмесе:

- (a) қолданылған және басқа анықтамаларға ие болмаған терминдер оларға Ақпараттық Меморандумда берілген мәндерге ие болуы тиіс;
- (b) тараулардың тақырыпшалары қолайлылық үшін беріледі және осы Шартты түсіндіру кезінде ескерілмеуі тиіс;
- (c) көпше түрде тұрған сөздер жекеше түрдегі сөзді білдіреді, және керісінше;
- (d) тұлғаға жасалған сілтеме кез келген заңды тұлғаға, корпорацияланбаған бірлестікке немесе серіктестікке және олардың заңды өкілдеріне немесе құқылы мисаркорларына жасалған сілтемені білдіреді.

2. АЙЫРБАСТАУ

Әрбір Кредитор осы Шарт Қайта құрылымдау жоспарында және қайта құрылымдау пакеттерінде мазмұндалғандай (1) Банкпен ұсынылатын Өтеуге және (б) Самұрық-Қазына тарапынан Банктегі салымға айырбас ретінде жасалатындығын мойындайды.

3. БАС ТАРТУ, БОСАТУ ЖӘНЕ РАСТАУ

- 3.1 Кредиторлар өз аттарынан (Сенімді меншік иесі жағдайында Облигацияларды ұстаушылардың атынан) және өзінің Белгіленген Қаржылық берешегін берген кез келген тұлғаның атынан, әрбір жағдайда, заңмен рұқсат етілген шеңберде, Белгіленген Қаржы берешегіне және/немесе кез келген Міндеттемеге және/немесе Қайта құрылымдауды жүргізуге байланысты Босату күнінде туындайтын әрбір және барлық босатылған тараптарға қатысты иеленетін немесе иеленуі мүмкін (нақты немесе ықтимал) кез келген талаптан босатады және/немесе бас тартады. Осы 3.1 бап (i) кеңес беруге қатысты өздерінің кеңесшілеріне қатысты Кредиторлардың комитеті иеленуі мүмкін кез келген талапқа немесе (ii) СҚҚКЖ өзгерістер енгізу туралы Екінші шартқа сәйкес оны жаңарту аясында СҚҚКЖ бойынша Қайта құрылымдау борышына қатысты СҚҚКЖ Кредиторы иеленуі мүмкін кез келген талапқа қатысты қолданылмайды.
- 3.2 Кредиторлар өз аттарынан (Сенімді меншік иесі жағдайында Облигацияларды ұстаушылардың атынан) және өзінің Белгіленген Қаржылық берешегін берген кез келген тұлғаның атынан, әрбір жағдайда, заңмен рұқсат етілген шеңберде, Белгіленген Қаржы берешегіне және/немесе кез келген Міндеттемеге және/немесе Қайта құрылымдауды жүргізуге байланысты Босату күнінде туындайтын әрбір және барлық босатылған тараптарға қатысты иеленетін немесе иеленуі мүмкін (нақты немесе ықтимал) кез келген талаптан босатады және/немесе бас тартады. Осы 3.2 бап (i) кеңес беруге қатысты өздерінің кеңесшілеріне қатысты Кредиторлардың комитеті иеленуі мүмкін кез келген талапқа немесе (ii) СҚҚКЖ өзгерістер енгізу туралы Екінші шартқа сәйкес оны жаңарту аясында СҚҚКЖ бойынша Қайта құрылымдау борышына қатысты СҚҚКЖ Кредиторы иеленуі мүмкін кез келген талапқа қатысты қолданылмайды.
- 3.3 Кредиторлар Кредиторлар комитетінің ешбір мүшесі, Сенімді меншік иесі немесе олардың кеңесшілері Ақпараттық меморандумға қосылған мәлімдемелерді, растамаларды және ақпаратты (қаржылық және т.б.) немесе болжауларды (әрі қарай бірлікте – Тиісті материалдар) тексермегеніндігіне, және ондай тұлғалар кез келген міндеттемеден және жауапкершіліктен босатылатындығына, сонымен қатар Кредиторлар комитетінің мүшелері және Сенімді меншік иесі кез келген тұлға үшін сенімді тұлғалар немесе кеңесшілер ретінде шықпағандығына немесе қандай да бір міндеттемелерді қабылдамағандығына және Қайта құрылымдауға байланысты қандай да бір тұлға алында ешқандай міндеттемелерді иеленбейтіндігіне келіседі және түсінеді.
- 3.4 Осы Шарттың басқа кез келген ережесіне қарамастан, тұлға Белгіленген қаржы берешегінде жалғасып жатқан ретінде анықталған селқос қарау, алаяқтық іс-әрекеттер және заңсыз әрекет салдарында туындайтын қандай да бір міндеттемеден босатылмайды немесе одан бас тарта алмайды.
- 3.5 Кредиторлар Қайта құрылымдауға байланысты олардың Өтемақы алуы Белгіленген Қаржы берешегіне байланысты олар құқылы барлық талаптарды толық өтейтіндігін мойындайды.
- 3.6 Осы Шарт бойынша Тараптар Сенімді меншік иесі (i) Облигацияларды ұстаушылардың Төтенше шешімдеріне сәйкес осы Шартты жасауға уәкілетті, нұсқау алғандығын, сұратылғандығын және құқылы екендігін және осыны өз атынан емес, Облигацияларды ұстаушылардың атынан жасайтындығын мойындайды, және (ii) ол Облигацияларды ұстаушылардың алдында Төтенше шешімдерге сәйкес қандай да бір міндеттемелерден босатылғандығын мойындайды.

4. ҚАҚТЫҒЫСТАР

Егер осы Келісімнің және Қайта құрылымдау жоспарының шарттары арасында қандай да бір келіспеушіліктер туындаса, Қайта құрылымдау жоспарының ережелері басым күшке ие.

5. ҮШІНШІ ЖАҚТАР

Осы Келісім бойынша тарап болмайтын тұлға 1999 жылғы Келісімшарттар (Үшінші жақтардың құқықтары) туралы заң бойынша оның терминдерін қолдану құқығын иеленбейді.

6. ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚҰҚЫҚ

- 6.1 Осы Келісім және осыған орай туындайтын кез келген келісімшарттық емес міндеттемелер ағылшындық құқыққа сәйкес басқарылады және түсіндіріледі.
- 6.2 Осы Шарттан немесе осыған байланысты туындайтын кез келген даулар, оның туындауына, жарамдылығына немесе іс-әрекетінің тоқтатылуына қатысты кез келген мәселелер қарастыруға ұсынылуы тиіс және ЛСМА ережелеріне сәйкес аралық сотта қаралуы тиіс, және ондай Ережелер Сілтеме арқылы осы Бапқа қосылған болып есептелуі тиіс. Аралық сот өткізілетін жер Лондон қаласы, Ұлыбритания болып табылады.
- 6.3 Осы Шарттың тараптары ЛСМА ережелеріне және Англияның юрисдикциясына сәйкес аралық сотты өткізуге Банкпен берілген рұқсат жарамды және міндетті болып табылатындығын және Қазақстанда қабылданған кез келген сот ісінде тоқтатылмайтындығын мойындайды және келіседі.
- 6.4 Осы Шартқа байланысты Англияда қабылданған кез келген шешім Қазақстанда және Англияда мойындалады және талап ету күшіне ие болады.

2 ҚОСЫМША — БЕЛГІЛЕНГЕН ҚАРЖЫ БЕРЕШЕГІНІҢ ТІЗІМІ

Кестеде негізгі борыш сомалары (немесе Қалпына келтіру бойынша Облигациялардың Базалық сомасы немесе дисконтымен Таза арттырылған Негізгі борыш Облигацияларның сомалары) мен Қайта құрылымдау жоспарына сәйкес кредиторлардың жалпы жиналысында дауыс беру мақсатында дефолт күніндегі жағдай бойынша (2012 жылғы 17 қаңтар) Банктің қайта құрылымдалатын қаржы берешегінің есептелген сыйақысы бойынша ақпарат ұсынылған.

Дауыс беру мақсатындағы берешек:

Қайта құрылымдалатын қаржы берешегі	Негізгі борыш (немесе Қалпына келтіру бойынша Облигациялардың Базалық сомасы немесе дисконтымен Таза арттырылған Негізгі борыш Облигацияларның сомалары)	Есептелген сыйақы	Жиыны
СҚҚКЖ	348,186,047.18 АҚШ доллары	0.00 АҚШ доллары	348,186,047.18 АҚШ доллары
Дисконтымен облигациялар	213,776,140.64 АҚШ доллары	3,960,119.42 АҚШ доллары	217,736,260.06 АҚШ доллары
	242,807,135.56 еуро	3,817,142.93 еуро	246,624,278.49 еуро
2018 Облигация	2,027,118,527.00 АҚШ доллары	119,248,062.79 АҚШ доллары	2,146,366,589.79 АҚШ доллары
	32,604,173,503.00 теңге	2,631,654,921.00 теңге	35,235,828,424.00 теңге
Қалпына келтіру облигациялары	5,107,346,431.00 АҚШ доллары	0.00 АҚШ доллары	5,107,346,431.00 АҚШ доллары
Реттелген облигациялар	484,111,933.00 АҚШ доллары	19,074,010.17 АҚШ доллары	503,185,943.17 АҚШ доллары
	28,237,359.00 еуро	1,043,017.42 еуро	29,280,376.42 еуро
	А: 7,396,248,930.00 теңге	453,307,878.87 теңге	7,849,556,808.87 теңге
	В: 28,000,000,000.00 теңге	1,225,777,777.80 теңге	29,225,777,777.80 теңге
СҚ депозиттері	246,672,875,954.02 теңге	2,117,202,041.88 теңге	248,790,077,995.90 теңге
СҚ кепілдіктері бойынша комиссиялар	3,225,000,000.00 теңге	0.00 теңге	3,225,000,000.00 теңге

Келесі кестеде Банктің 2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қайта құрылымдалатын қаржы берешегі бойынша есептік ақпарат ұсынылған (Қайта құрылымдау жоспары аталған күні жүргізілмейтін жағдайда, көрнекі мақсаттар үшін).

Қайта құрылымдалатын Қаржы Берешегі (млн.долл.):

Қайта құрылымдалатын қаржы берешегі	Шығарылымның валютасы	Негізгі борыш (немесе Қалпына келтіру бойынша Облигациялардың Базалық сомасы немесе дисконтымен Таза арттырылған Негізгі борыш Облигацияларының сомалары) (млн.долл.)	Есептелген сыйақы (млн.долл.)	Жиыны (млн.долл.)
СҚҚКЖ	-	348	-	348
Дисконтымен облигациялар	U.S.\$	214	11	225
	EUR	309	14	323
2018 Облигация	U.S.\$	2,027	327	2,355
	KZT	219	49	269
Қалпына келтіру облигациялары	-	5,107	-	5,107
Реттелоген облигациялар	U.S.\$	484	52	536
	EUR	36	4	40
	A: KZT	50	8	58
	B: KZT	189	23	211
СҚДепозиттері	-	1,663	159	1,822
СҚ кепілдіктері бойынша комиссиялар	-	22	-	22

3 ҚОСЫМША — ЖАРҒЫ КАПИТАЛЫН АРТТЫРУ БӨЛШЕКТЕРІ

Қайта құрылымдау жоспарын жүзеге асыру мақсатында Қайта құрылымдау күні Банктің жиынтық акционерлік капиталы төмендегіні құрайтындай етіп Банктің жарияланған қарапайым акцияларының санын 586,242,659,210 данаға арттыру керек:

Реттелген Облигациялар Пакетіне бөлінген Кредиторлармен ұсталып қалатын акциялар - Реттелген Облигациялар Пакетіне бөлінген Кредиторлар (және Депозитарий (немесе Кастодиан) мұндай белгіленген Кредиторлар атынан) мұндай Кредиторлар (және Депозитарий (немесе Кастодиан) мұндай белгіленген Кредиторлар атынан) Акциялардың шығарылған Акциялардың жалпы санынан шамамен 1,5% мөлшерінде жиынтық иелікке ие болатындай санын ұстап қалуы керек.

Самұрық-Қазынымен ұсталып қалатын Акциялар – Самұрық-Қазына оның Банктегі жалпы иелігі шығарылған Акциялардың жалпы санынан шамамен 97,2%-ды құрайтындай Акциялардың санын ұстап қалуы керек.

Басқа акционерлермен ұсталып қалатын акциялар — шығарылған Акциялардың жалпы санынан шамамен 1,3% - ы басқа акционерлермен ұсталып қалады, оның ішінде 2010 жылғы Қайта құрылымдаумен байланысты солар үшін Акциялар және/немесе ҒДҚ шығарылған кредиторлар кіреді.

4 ҚОСЫМША— ЖАҢА ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Қайта құрылымдаудың шеңберінде Банкпен төмендегі негізгі шарттарда жаңа үлкен облигациялар шығарылсын:

- Номиналды құны- 750 млн. АҚШ доллары;
- купон - жылдық 5,5%;
- мерзімі - 10 жыл;
- купондық сыйақыны өтеу жарты дылда бір рет;
- номиналды өтеу мерзімнің соңында;
- Бұл рұқсат етілген Иеленушінің пайдасына жүргізілетін жағдайды қоспағанда Облигация Ұстаушысының бақылауды ауыстыру кезінде өтем талап ету құқығы;

- Дефолт Оқиғасы; және
- Ағылшын құқығы.

Банк өзіне келесі ковенанттарды алады:

(a) Жағымсыз кепіл

Банк өзі құрмайды және өзінің Маңызды Еншілес Ұйымдарына кез келген қаржы Берешегін немесе Қаржы берешегінің кепілдігін (А) сол уақытта немесе соған дейін және пропорционалды түрде Облигацияларды Қамтамасыз етуді, немесе (В) Облигация ұстаушыларының Төтенше Шешімдерімен бекітілуі мүмкін (Сенімді Басқару шартында анықталғандай) Облигациялар үшін басқа қамтамасыз етуді ұсынуды қамтамасыз ету үшін осы немесе келешектегі міндеттемелердің барлығына немесе оның бөлігіне кез келген Қамтамасыз ету құру немесе қандай да бір Маңызды Қамтамасыз етудің болуына рұқсат бермейді (Рұқсат етілген Қамтамасыз етуді қоспағанда) немесе сенімді Меншік иесі ретінде өзінің қарауында Облигация Ұстаушылары үшін аса тиімді емес деп санайды.

(b) Дивиденттер төлеу бойынша шектеулер

Қандай да бір Облигация өтелмеген болып қалған жағдайда, Банк ортақ капиталдың бөлігін танытатын қандай да бір дивиденд немесе бөлісулерді (немесе кез келген төлем жасалмаған дивиденд немесе басқа да бөлісу бойынша пайыз) жарияламайды, жүзеге асырмайды немесе төлемейді немесе қолма-қол ақшамен немесе басқа да жолмен ортақ капиталдың бөлігін танытатын кез келген резервті өтемейді немесе үлестірмейді немесе Банктің жарғы капиталына қатысты (немесе оның кез келген класының) кез келген басқа да бөлісулерді жасамайды (өтем жасау, төлеу, сатып алу немесе басқа да әдіспен) немесе Банк акционерлерінің кез келгенінің жағына қарай немесе оның бұйрығы бойынша кез келген басқарушылық, кеңес беру немесе басқа да комиссияларды төлемейді және Банк өзінің Еншілес Ұйымдарына Банктің жарғы капиталына қатысты осындай төлем сипатына немесе Банк акционерлеріне төмендегі жағдайларда төленген комиссия немесе төлем сипатына ие кез келген төлемді жүзеге асыруға рұқсат бермеуі керек:

(i) Дефолт Оқиғасының әрекет етуінің кез келген уақытында (11 Ережедегі анықтамаға сәйкес *(Дефолт Оқиғалары)*) Ақпараттық Меморандумға 8 Қосымша; немесе

(ii) Дефолт Оқиғасы Банк немесе оның атынан әрекет ететін тұлғалар 8 Ережеге (с) (Өтеу мен Сатып алу), Ақпараттық Меморандумға 8 Қосымшаға сәйкес Облигацияларды төлеу үшін қолданған (немесе кез келген хабарламаға қатысты осындай дивиденд немесе басқа да бөлісу

нақты төленгенге дейін, бірақ қандай жағдайда да осындай хабарламадан кейін 30 күннің ішінде) жиынтық сомадан асып кеткен немесе асып кететін сомада болмаған кез келген уақытта.

Осының алдындағы шектеу (i) қосымша акциялар шығару арқылы Банктің кез келген акциялары бойынша кез келген дифициенттерді төлеуге немесе (ii) ол үшін Банк ақшалай сыйақы төлемейтін (оның ішінде күдіктер болдырмау үшін, хабарламаға сәйкес қамтамасыз етуді өндіріп алу немесе сот шешімдері) кез келген қол жеткізілген жарғы капиталына немесе (iii) осындай сатып алулар шығарылған күннен бастап төленген осындай кез келген сыйақының жиынтық сомасы 10 000 000 АҚШ долларынан аспайтын жағдайда тиісінше уақытта Банктің жарғы капиталының тиісті класының кемінде 2,5%-ына ие тұлғадан жарғы капиталын кез келген сатып алуға немесе (iv) Банкпен немесе оның кез келген Еншілес Ұйымымен Банктің кез келген акционеріне нарықтық жағдайларда ұсынылған және Банкпен немесе оның кез келген Еншілес Ұйымымен Банктің кез келген акционеріне төленген кепілдіктер бойынша кез келген комиссияға қатысты негізгі борыштың кепілді сомасынан жылдық 0,125%-дан аспайтын қызметтер үшін жасалған кез келген басқарушылық, кеңес беру немесе басқа да комиссияға таратылмайды.

(c) Капиталдың жеткіліктілігі

Банк оның капиталының баламалылығының коэффициентіне Банктің Қадағалау бойынша Базель Комитетінің нұсқауларына сәйкес есептелген бірінші деңгейдің 10,0%-дан төмен түсуге жол бермеу керек (2004 жылғы маусымда түзетулермен басылып шыққан Базель II: Капитал мен капитал стандарттары өлшемдерін халықаралық біріктіру: Қайта қаралған құрылым» атауымен Базель Комитетінің түпнұсқалық құжатында қарастырылған нұсқаулар) оның үстіне мұндай есептеу ҚЕХС мен ҚЕХС принциптеріне сәйкес Банктің бухгалтерлік есептерінің негізінде алынған басқа да қаржы деректеріне сәйкес дайындалған соңғы жыл сайынғы немесе Банктің жарты жылда бір рет шолу жасалған қаржы есептілігіне сілтеме жасау арқылы жүргізілуі керек.

(d) Шеттету

Банк (және Банк Топтың ешқандай мүшесі болмайтындығына кепілдік беруі керек) кез келген актив немесе активтер тобын сату, жалға беру, тапсыру үшін өз еркімен немесе еріксіз түрде бір реттік мәмілеге немесе мәмілелер сериясына (өзара байланысты немесе байланыссыз) кірмеуі керек, келесі жағдайларды қоспағанда: (i) Топтың басқа мүшесіне, (ii) қарапайым қызмет шеңберінде нарық жағдайларында (iii) қарапайым коммерциялық жағдайларда және Әділ Нарықтық Құн бойынша жүзеге асыру (iv) Топтың қызметін тиімді түрде жүзеге асыру үшін талап етілмейтін кез келген қалдық немесе ескірген немере тозуы жеткен активтер (v) сол активтерге қатысты активпен қамтамасыз етілген секьюриттеу немесе басқа да қаржыландыру мақсатында (vi) Банктің саналы пікірі бойынша типі, құны және сапасы бойынша активпен

салыстырылатын немесе одан асып түсетін басқа актив үшін немесе (vii) Жиынтық Әділ Нарықтық Құнмен 5 000 000 АҚШ долларынан төмен бір реттік мәміледе немесе 15 000 000 АҚШ долларынан төмен жиынтық Әділ Нарықтық құнмен байланысты мәмілелер сериясы; 25 000 000 АҚШ долларынан жоғары Әділ Нарықтық құнмен активтер жағдайында жоғарыдағы (i) тармағында көрсетілгенді қоспағанда кез келген мұндай мәміле Банктің Директорлар Кеңесі немесе қолданыстағы Еншілес Ұйымның уәкілетті органымен (мәміледе мүдделі кез келген директорлар немесе уәкілетті органның мүшелерін қоспағанда) бекітілуді талап ететін және сыйақы 100 000 000 АҚШ долларынан асатын жағдайда, кез келген мұндай мәміле Банктің Директорлар Кеңесімен саналы түрде анықталған мақұлданған үшінші тұлғаның бағаның әділдігі туралы бағалауын және/немесе тәуелсіз пікірін талап етеді.

(e) Қосылу немесе Бірігу

Банк ешқандай корпоративтік қайта құрылуды жасамауы керек (оның ішінде біріктіру, бөлу, қосу, біріктіру жолымен немесе корпоративтік қайта құру) немесе оның активтері немесе бизнесінің (бірігу негізінде, бір реттік мәміледе немесе тікелей немесе жанама түрде байланысты мәмілелер сериясында анықталған) қандай да бір бөлігін Ережелердің шарттарына 8(b) сәйкес жағдайларды және Ақпараттық Меморандумға 8 Қосымшаның 5(e) (Шеттетулер) Ережелерін қоспағанда кез келген Тұлғаға тапсырмауы, жүргізбеуі, сатуы немесе жалға бермеуі немесе басқа да жолмен шеттетпеуі керек:

(i) құрылымдалған немесе осындай кез келген мәміленің нәтижесі болып табылатын кәсіпорын (Банктен ерекшеленетін болса) (немесе активтер немесе міндеттемелер тапсырылатын немесе сатылатын):

(A) өзіне Банкпен орындалуы немесе сақталуы тиіс Облигациялар бойынша барлық міндеттемелер мен шарттардың, Сенімді басқару шартының немесе осындай кәсіпорынмен Сенімді Меншік иесіне Сенімді Меншік иесі үшін қанағаттандырылғы тәртіп пен нысанда ұсынылған, Сенімді Басқару шартының, Агенттік келісім бойынша байланысты болуға келісетін міндеттеменің басқа да жазбаша түрінің орындалуы мен сақталуын, Сенімді Меншік иесі мұндай кәсіпорын Сенімді Басқару шартында, Агенттік келісімде немесе Облигацияларда бұдан кейінгі және басқа да түзетулермен көрсетілетіндей етіп сәйкесінше деп есептейтін және Сенімді Меншік иесіне осындай кәсіпорын мен Сенімді Меншік иесі бекітетін кез келшен және барлық құжаттардың жарамды, орындалуы міндетті және талап-арыз жасау күшіне ие екендігі туралы тәуелсіз адвокаттың бекітуін қамтамасыз ететін Облигациялар бойынша міндеттемелердің орындалуы мен сақталуын алады;

(B) Сенімді Басқару Шартына және Агенттік келісімге сәйкес және Облигацияларға қатысты негізгі борышкер ретінде өзіне

міндеттемелерді қабылдауға қажетті барлық үкіметтік және реттеу мақұлдаулары мен келісімдерді алу керек;

(С) егер мұндай кәсіпорын құрылған, тұрақты түрде немесе уақытша Қазақстан Республикасы аумағынан өзге аумақта болса, Ақпараттық Меморандумның 8 Қосымшасының 9 Ережесінің *(Салық салу)* шарттарына сәйкес келетін терминдерде берілген Қазақстан Республикасына жасалған сілтемелермен міндеттемелер немесе ковенанттар осындай кәсіпорын мекемесінің орнына сілтемемен ауыстырылады; және

(D) осындай Облигация Ұстаушысымен жоғарыда айтылғанның нәтижесінде қолдау тапқан салық салу нәтижесіндегі кез келген кіріс, пайда немесе шығын үшін әрбір Облигация Ұстаушысына өтем жасалуы керек,

(ii) кез келген жағдайда, тиісті уақытта және осыдан соң дереу жағдайға байланысты Банк немесе осындай кәсіпорынға қатысты Дефолт Оқиғасы немесе Дефолттың Әлеуетті Оқиғасы болмауы немесе жалғаспауы керек.

(f) Листинг

Банк өзінің саналы әрекеттерін Облигациялардың Қазақстан Қор биржасы мен Люксембург Қор Биржасындағы сауда-саттыққа қолжетімділігін қамтамасыз ету және осындай биржалардағы аталған облигациялардың листингін ұстап тұру үшін жұмсайтын болады, бірақ аталған әрекеттер арқылы бұны орындай алмаса, немесе листингтерді осылайша ұстау Сенімді Меншік иесімен барынша ауыртпалық түсіруші болып танылған жағдайда және Сенімді Меншік иесі Облигация Ұстаушыларының мүдделеріне осылайша нақты залал тимейді деп шешкен жағдайда, Банк өзінің саналы әрекеттерін Сенімді Меншік иесімен келісілген басқа қор биржасы немесе нарықта листингті қамтамасыз ету мен ұстап тұру үшін жұмсауы керек.

(g) Банк Англия мен Уэльс әділ сотының Жоғары сотына Белгілі бір Қаржы берешегін (Ақпараттық Меморандумдағы анықтамаға сәйкес) қайта құрылымдаудан немесе осымен байланысты шығатын арыз-талаптар бойынша Банк активтеріне қатысты арыз-талаптар немесе өндірісті немесе өндіріп алуларды тұрақты түрде тоқтату туралы үндеу жасағаннан кейін мұндай кідіріс Банкке қатысты Қазақстанда қарастырылып жатқан қайта құрылымдау бойынша тыңдаулардың тоқтатылғандығына қарамастан жалғасын табуы керек, Банк өзінің саналы іс-әрекеттерін осындай келісімге қол жеткізуге жұмсау керек. Егер мұндай үндеуден бас тартылса, Банк қайтадан қарау мен тыңдауды талап етуі керек немесе Банктің негіздемелі анықтамасы бойынша оның адвокатының кеңесінің негізінде тиісті болып табылатын қайталама шағым жасауы қажет.

(ii) Нью-Йорктің Оңтүстік округі бойынша Құрама Штаттардың банкроттығы туралы істер бойынша Сотқа талаптары Берешекті қайта құрылымдау жоспарына сәйкес (Ақпараттық Меморандумдағы анықтамаға сәйкес) қайта құрылымдалатын кредиторларға үнемі тыйым салатын кез келген өндірісті бастау немесе жалғастыру, кез келген процессті қолдану немесе жинау, өндіріп алу немесе Банкке немесе Банктің меншігіне қатысты Құрама Штаттарының аумақтық юрисдикциясының шеңберінде Белгілі бір Қаржы берешегін есепке алуға (Қайта құрылымдау жоспарында көрсетілгендерді қоспағанда) қатысты бұйрық шығару туралы қолдаухат бергеннен кейін Банк өзінің саналы іс-әрекеттерін осындай қолдаухатты қарастыру үшін жұмсауы керек. Егер мұндай қолдаухаттан бас тартылса, Банк қайтадан қарау мен тыңдауды

талап етуі керек немесе Банктің негіздемелі анықтамасы бойынша оның адвокатының кеңесінің негізінде тиісті болып табылатын қайталама шағым жасауы қажет.

(iii) Қайта құрылымдау жоспарының орындалғандығын және Қайта құрылымдаудың аяқталғандығын (Ақпараттық Меморандумдағы анықтамаға сәйкес) растайтын Сот шешімінен кейін бес Жұмыс күнінен кешіктірмей (Ақпараттық Меморандумдағы анықтамаға сәйкес) Банк Ресей мен Украина соттарына сол юрисдикциялардың заңдарына сәйкес осындай Сот шешімін мойындау туралы өтініштер беруі керек және өзінің саналы іс-әрекеттерін қарауға осындай өтініштер беру үшін жұмсауы шарт. Осы өтініштердің береуі немесе екеуінен де бас тартылса, Банк қайтадан қарау мен тыңдауды талап етуі керек немесе Банктің негіздемелі анықтамасы бойынша оның адвокатының кеңесінің негізінде тиісті болып табылатын қайталама шағым жасауы қажет.

(h) Рұқсаттар

Банк оған Сенімді Басқару шартына, Облигациялар мен Агенттік келісімге сәйкес өз міндеттемелерін орындауға; (ii) Банк оған Сенімді Басқару шарты, Облигациялар мен Агенттік келісімнің дәлелдерінде заңдылық, шынайылық, заңды күш пен дәлелдемелердің іске жататындығына кепілдік беруге жол ашатын кез келген заң немесе Тиісті Юрисдикцияның қаулысына сәйкес талап етілетін кез келген Рұқсаттың толық күшін сақтап қалу үшін барлық қажетті әрекеттерді өзіне алады және орындайды (және сұрату бойынша Сенімді Меншік иесіне куәландырылған көшірмелерді ұсынады).

(i) Қаржылық есептілік

Банк Сенімді Меншік иесіне ағылшын тілінде төмендегілерді ұсынады:

(i) шығарылым кезінде және кез келген жағдайда әрбір Қаржылық Жыл аяқталғаннан кейін 150 күннің ішінде ҚЕХС сәйкес дайындалған біріктірілген қаржылық есептілік (осының алдындағы жылдың ішіндегі салыстырмалы көрсеткіштерді қосқанда) және осы туралы аудиторлық есеп; және

(ii) шығарылым кезінде және кез келген жағдайда әрбір жарты жыл аяқталғаннан кейін 120 күннің ішінде ҚЕХС және аудиторлардың осы туралы шолу есебіне сәйкес дайындалған жартыжылдық біріктірілген қаржылық есептіліктер.

және Сенімді Меншік иесі тарапынан кез келген сұрату жіберілген күннен бастап 10 Жұмыс күні немесе кез келген уақытта 30 Жұмыс күнінің ішінде (немесе Сенімді Меншік иесінің анықтамасына сәйкес үлкен мерзім ішіндегі кез келген жағдайда) біріктірілген қаржылық есептіліктердің жиынтығымен бірге Басқарманың кез келген бір мүшесімен қол қойылған және тиісті комплаенс сертификаттың сәйкесінше күніне дейін кемінде бес Жұмыс күні бұрынғы күндегі жағдай бойынша ешқандай Дефолт Оқиғасының немесе Әлеуетті Дефолт Оқиғасының немесе Сенімді Басқару шартының бұзылуының соңғы сертификат күнінен бастап болмағандығын растайтын немесе ережелердің сақталмауының (қандай да бір Дефолт Оқиғасы немесе Дефолттың Әлеуетті Оқиғасы немесе осы Сенімді Басқару шартының бұзылуы болса немесе орын алса) осындай жағдайлары, осыған қатысты Банкпен қандай әрекеттің қолданылып жатқандығы немесе қолданылуы жоспарыланып отырғандығы туралы хабарлайтын комплаенс сертификаттарды жібереді (егер басқа мұндай сертификат Сенімді Басқару шартының күнінен бастап бұрын ұсынылмаса).

5 ҚОСЫМША — СҚҚКЖ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ШАРТТАРЫ

СҚҚКЖ тиісті Ережелері және Шарттары	Ағымдағы Өтеу Дефолтын алып тастау үшін ұсынылған шарттар
2012 жылғы 30 маусымдағы Ескі Берешекті 175 млн. АҚШ долларын өтеу	<p>Өтеу:</p> <p>(а) Қайта құрылымдау күніндегі Ескі Берешек бойынша үшінші жарнаның 50 млн. АҚШ доллары; және</p> <p>(б) Осындай үшінші жарнаның қалған 125 млн. АҚШ доллары 173,2 млн. АҚШ доллары мөлшеріндегі соңғы жарнамен біріктіріледі және төменде көрсетілгендей төленетін болады.</p>
2012 жылғы 30 қыркүйектегі Ескі Берешекті 173,2 млн. АҚШ долларын өтеу	298,2 млн. АҚШ доллары 2012 жылғы 31 желтоқсаннан бастап 2015 жылғы 31 наурызға дейін 10 тоқсанның ішінде төленетін болады (бір тоқсан үшін шамамен 29,8 млн. АҚШ доллары).
Қолжетімділік кезеңі	2014 жылғы 31 желтоқсанға дейін
Аяқталу күні	2015 жылғы 31 желтоқсанға дейін
Халықаралық сауданы қаржыландыруды қаржыландыруға дейін шектелген игеру	«Қолайлы Клиент» анықтамасына жергілікті сауданы қаржыландыру кіреді (Қазақстанның екі резидентінің арасында)
Тоқсан сайын мерзімінен бұрын төленетін Сауда Құралының комиссиясы	Тоқсан сайын кезеңнің соңында төленеді.
1 млн. АҚШ доллары мөлшеріндегі алдын ала төлемнің минималды сомасы	Алынып тасталады.
Расталмаған аккредитивтерді дисконттау және расталмаған аккредитивтер шеңберіндегі пост-қаржыландыру	Банк клиенттерінің барлық банктік комиссияларын төлеуді есепке алумен қосу
Сауда Құралы бойынша комиссия мөлшері	<p>Сауда Құралы бойынша комиссия төмендегілердің көбінен болады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • 500 АҚШ доллары; және төмендегілердің бірі: • 12 ай мерзіміне дейін; жылдық 2,25%; <p style="text-align: center;">Немесе</p> <ul style="list-style-type: none"> • 12 айдан жоғары мерзімі, бірақ 24 айдан аспайды: жылдық 3,00%.
Банк Рейтингтерінің өзгеруіне	12 айға дейінгі мерзім:

байланысты комиссия мөлшері	<p>BBB- немесе жоғары: жылдық 0,75% ; BB-, BB, BB+: жылдық 1,50% ; B-, B, B+: жылдық 2,25% .</p> <p>12 айдан жоғары мерзім, бірақ 24 айдан аспайды:</p> <p>BBB- немесе жоғары: жылдық 1,75% ; BB-, BB, BB+ жылдық 2,50% ; B-, B, B+ жылдық 3,00%.</p>
Кредиттік маржа	<p>12 айға дейін: жылдық 2,75 %.</p> <p>12 айдан жоғары, бірақ 24 айдан аспайды: жылдық 3,25%</p>
Банк Рейтингтерінің өзгеруіне байланысты кредиттік маржа	<p>12 айға дейінгі мерзім:</p> <p>BBB- немесе жоғары: жылдық 1% ; BB-, BB, BB+: жылдық 1,75% ; B-, B, B+: жылдық 2,50%</p> <p>12 айдан жоғары мерзім, бірақ 24 айдан аспайды:</p> <p>BBB- немесе жоғары: жылдық 2% ; BB-, BB, BB+: жылдық 2,75% ; B-, B, B+: жылдық 3,25%.</p>
Қаржыландырылатын мәмілелерді игеру үшін комиссия	Өзгерістерсіз: 0,15% минимум 400 АҚШ долларымен белгіленген
Қаржыландырылмайтын мәмілелерді игеру үшін комиссия	0,70% годовых от нефинансируемой суммы.
Міндеттеме үшін пайдаланылмаған сомаға 0,25% мөлшеріндегі комиссия	жылдық 0,20% Төлем Шотындағы қолданылмаған қалдыққа.
Расталмаған аккредитивтерді дисконттау және расталмаған аккредитивтер шеңберіндегі пост-қаржыландыру	50 млн. АҚШ доллары лимиті сомасына дейін
Резервте ұстау бойынша комиссия (қаржыландырумен расталмаған аккредитивтер шеңберінде)	Сауда құралының тиісті комиссиясынан 50%
50 млн. АҚШ долларына дейінгі қолма-қол ақшамен импорт алдындағы берілімдер	<p>Келесі шарттарда:</p> <ul style="list-style-type: none"> • 15 млн. АҚШ долларынан төмен кіріске ие компаниялар үшін қолайлы банк-бенефициардан аванстық төлемді қайтару кепілдігі (соңғы тоқсандық басқарушылық есептерде расталған); • Тауарлардың белгіленген уақытта жеткізілгендігін құжат жүзінде растау; • Клиенттен тиісті импорт алдындағы

	<p>қаржыландыруға байланысты ұсынылған Банкте кепілдің бар екендігін құжат жүзінде растау; және</p> <ul style="list-style-type: none"> • Тауарды сатып алушы және сатушы байланысты тараптар болып табылмайды.
Қаржыландырылатын және қаржыландырылмайтын мәмілелер үшін талап етілетін құжаттар бойынша Қолжетімділік Критерийлері	Шарттар келісілуі керек.
Кепілді Агент қызметтері үшін комиссия	Жылына 50 000 АҚШ доллары, жыл сайын алдын ала төленуі тиіс.
Агенттік комиссиялар (әкімшілендіру үшін комиссия)	Жылына 100 000 АҚШ доллары, тоқсан сайын кезең соңында төленуі тиіс
Жекелеген игерулердің минималды мерзімі	24 айға дейін
Басқа да заң ережелері	Бұның СҚҚЖ-ге қаншалықты келетініне қарай өтуніштер, ковенанттар, міндеттемелер мен дефолт оқиғалары СҚҚЖ Келісімі бойынша Жаңа Облигациялардың шарттарына сәйкес келетіндей етіп өзгертілуі керек.

6 ҚОСЫМША — СҚ ЗАЕМ ШАРТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Әрбір Кредиторға Өтемдер бойынша төлемдердің жүзеге асырылуын қамтамасыз ету және Қайта құрылымдауды жүргізу шеңберіндегі жалпы банктік мақсаттар үшін Банкке Самұрық-Қазынамен заем шартын жасау керек, соған сәйкес Самұрық-Қазына Банкке төмендегі негізгі шарттарда заем береді:

- Заем сомасы – эквивалент 1 592 млн. (бір миллиард бес жүз тоқсан екі миллион) АҚШ доллары, сатып алудың спот бағамына сілтемемен есептелген;
- Заем сомасы – Теңге;
- Сыйақы ставкасы – жылдық 4% ;
- Заемды өтеу мерзімі – мерзімнің соңында өтеумен 2014 жылғы 31 желтоқсан;
- Сыйақы төлеу – жыртты жылда 1 рет;
- Қамтамасыз ету– қарастырылмаған.

**7 ҚОСЫМША – ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛГЕН АҚПАРАТТЫҚ
МЕМОРАНДУМ**